

Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ-нің 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы қараша айы бойынша аналитикалық есебі.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

АДАЛ АЗАМАТ

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ

“Тәуелсіз және Отаншылдық”

“Бірлік және ынтымақ”

“Жасампаздық және жаңашылдық”

1. Қараша - ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін “Рухани жаңғырудың” құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; рухани-адамгершілік тәрбие беру.

2. Күзгі демалыс уақытында жоспарға сай іс-шаралар уақытымен өткізілді. “Менің спортшы отбасым” тақырыбында 9”ә” сынып оқушысы Абдибеков Мейірбек ағасының үлгісімен спортқа өте жақын, футбол, хоккей аудандық құрама командасының мүшесі. Мектебіміздің, ауданымыздың намысын облыс көлемінде қорғаған және жеңіске жетіп жүрген спортшылардың бірі. Мейірбек өзінің және отбасының салауатты өмір салтын ұстанатын, отбасы құндылықтарын насихаттап жүрген жанұялар қатарында Нұртас пен Сандуғаш Абдибековтар жанұясы. Екеуі де “Астрахан ауылының N1 ЖОББМ” КММ түлектері.
3. 5-сынып оқушыларын, тарих пәні мұғалімі Байжуманова Жумагуль Уалихановна Астрахан ауданымыздың тарихи-өлкетану, мұражайға апарып саяхат жасап көптеген пайдалы ақпараттармен таныстырылды. Мұражайда Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің фотосуреттері, еңбектері жазып қалдырған қағаздары сақталған, ауданың құрылуы мен қалыптасу кезеңдері, ұлттық құрамы сонымен де таныс болдық.

4. 2”а” сынып оқушыларымен қараша айындағы күзгі демалыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында 30.10 күні "Менің таңғы жаттығуларым" атты бейнефильмдер дайындалды.Осы іс-шара аясында ата-аналар балаларының таңғы жаттығуларын түсірді.Іс-шараның мақсаты :Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау,денені шынықтырып,денсаулықтарын нығайту, дене мәдениетін дамыту.
Сынып жетекшісі Казанбаева А.А
5. Күзгі демалыс уақытында, мектеп кітапханасында бастауыш сыныптарымен біргелікте “Ертегілер әлемінде” тақырыбында ертегілер әлеміне саяхат сағаты өткізілді.Мақсаты: оқушылардың халық ауыз әдебиеті,оның ішінде Ертегілер туралы білімдерін тереңдету,көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыра түсу, ертегілер оқу ақылы ұқыптылыққа,жауапкершілікке, адамгершілікке, жақсыдан үйреніп,жаманнан жирене білуге тәрбиелеу.іс шара барысында оқушыларға қызықты ертегілер оқу мен қатар қызықты ертегілер көрсетілді
Кітапханашы Турдимуратова Б.А



6. Мектебіміздің оқушылары, Астрахан ауданы БЖСМ на спорттық секцияларға жүйелі түрде қатысады. Сонымен қатар осы күзгі демалыс уақытында мектебіміздің 7-9 сыныптың қыздары Қосшы қаласында өткен, облыстық қыздар арасындағы волейболдан 1-дәрежелі ДИПЛОМ «AUYL SPORT – 2024»
Ақмола облысының ауыл балалары арасындағы өңірлік лигада волейболдан І-орын алды, құттықтаймыз!!!
Жетекшісі: Қапият Фархат Валиханұлына алғыс білдіреміз, жеңістеріңіз және Алматы қаласында өтетін ҚР Чемпионатқа жолдама алды.



7. Қараша айының 8 жұлдызында Астрахан білім бөлімінің ұйымдастыруымен жалпы білім беру ұйымдарының 9-11 сынып оқушылары арасындағы пікір-сайыс турнирінің аудандық іріктеу кезеңі өтті. Турнирге қазақ лигасынан 5 команда, орыс лигасынан 4 команда қатысып, 5 қарар бойынша тартысты ойын көрсетті. Аудандық кезең нәтижесі бойынша “Астрахан ауылының №1 ЖОББМ” КММ -нің “Альфа” фракциясы І орынмен марапатталды. Мектебіміздің қазақ лигасынан құрылған “Альфа” фракциясы облыстық кезеңге жолдама алды. Пікірсайыс турниріне қатысқан үздік спикерлер Сүлеймен Арайлым, Хисан Мөлдір, Алдоңғор Нұрай тыңғылықты дайындалған. Олар кең көлемде ақпарат пен түрлі дәлел-фактілер келтіре алды. Мектебіміздің атынан қатысқан оқушыларға алдағы облыстық кезеңге сәттілік тілей отырып, жүлделі орын алуға тілектеспіз. Жетекшісі: Мөлдіргүл Ерланқызы.



8. Қараша айының 8 күні Астрахан ауданының жалпы білім беретін мектептер арасында 9 - 11 сыныптар арасында “Мектеп лигасы” аясында шахмат пен үстел үсті теннисінен жарыс өтті жарысқа 12 команда қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша шахмат ойынынан мектебіміз - ІІІ орын, үстел үсті теннисінен - ІІІ орын иеленді.



9. Қарашаның 6 күні 8 “А” сынып оқушылармен “Күн, Бұлт, Жаңбыр” Н. Н. Дереклееванын әдістемесі бойынша тренинг өткізілді және оқушылар пазлдармен, басқатырғыш, тағы басқа дамытушы ойындарды белсенді түрде ойнады.

Мақсаты: Әртүрлі жағдайда оқушының өзін қалай сезінетінін анықтау, ұжымның ауызбіршілігіне ықпал етеді, сыныптағы оқушылардың достығын нығайтады.

Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г.К.



- 10.1- 11 сыныптар арасында “Буллингке жол жоқ”. тақырыбында сынып сағаттары өтті. Оқушылар арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайлардың алдын алу. Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, кез келген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бірақ ешкім ешкімді ренжітуге немесе өзін жайлы жаман ойлауға, мәжбүрлеуге құқығы жоқ екенін түсіндіріп және тақырып бойынша бейнероликтер көрсетілді.

11. Қарашаның 12 күні «Ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында 8-11 сынып қыздар аралығында тренинг (профилактикалық жұмыс) өтті.

Жиналысқа қатысқандар:

ДТІЖО: Ибрагимова А.М.

Аудандық больницаның акушер-геникологы: Керимова Ф.Р

әлеуметтік педагог: Нурдиллаева М.Г.

психолог: Кажыбаева Г.К.

Мектеп медбикесі Мартихина Н.Н.



12. Астана қаласында өткізілген Робототехника және бағдарламалау бойынша R:ED FEST ашық халықаралық фестивалі, Халықаралық финалға 7а сынып оқушылары Әзірбайжан Ердос және Мухамеджан Жанарыс қатысты. Жанарыс қатысқаны үшін сертификат, бағалы сыйлықпен марапатталды. Ал, 7 А сынып оқушысы Әмірбай Ердос "Зияткерлік сумо" санаты бойынша 3 дәрежелі дипломмен, бағалы сыйлықпен марапатталды. ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!
Жетекшісі: Оспанов Дулат Кенжебекович.



13. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды.
“Біртұтас тәрбие” бағдарламасының негізінде тәрбие жұмысының жүзеге асырылуы
Тақырыбы: Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы шеңберінде
“Даналық мектебі” клубы құрылды.
“Даналық мектебі” клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті

ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады.



14.4 «а», «ә» сынып оқушыларының бейімделудегі ерекшеліктері тақырыбында тренинг өткізілді. Өткізген мектеп психологы Кажобаева Г.К.

15.18 қарашасында “Буллинг және кибербуллинг” атты өмірге салаутатты қадам, жұмыс жоспарына сәйкес Астрахан ауданы бойынша ОМПС оп инспекторы полиция аға лейтенант Қиюбек Наргиз Жадетқызы оқушылармен кездесуі өткізді. Балалардың құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін жалпылау мақсатында. «Мектеп жарғысы және оқушылардың мінез-құлық ережелері», «Бала құқығы басты құндылық» тақырыптарында әңгіме жүргізіліп, Наргиз Жадетқызы оқушыларға қауіпсіздік шаралары бойынша «Лудомания» тақырыбында нұсқаулық берді. Сонымен қатар мектеп медбикесі Маритихина Н.Н. АИТВ - инфекциясын жұқтырудың алдын алу туралы ақпарат берді.





16. Қазақ әдебиетіне елеулі туындылар қалдырған, әмбебап дарын иелері С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің 130 жылдығына арналған “Қазақтың- Үш бәйтерегі” атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылды. Мақсаты: Жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен Алаштың ардақтысы С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақындардың өз заманындағы саяси - қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Көрме барысында ақындардың кітаптарын оқушыларға оқуға ұсынылды. Кітапханашы Турдимуратова Б.А.




17. Қараша айында 11 сынып оқушылары соның ішінде, ер балаларға кәсіптік бағдар беру мақсатында ҚР ҰҚК шекара академиясының қызметкері Талғат Махамбетовпен зум арқылы кездесу өтті. Кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға мүмкіндік жасайды. Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау мектебіміздің алдында тұрған міндеттерінің бірі. Талғат Махамбетов өз сөзінде кездесуді өткізудің өзектілігі мен маңыздылығын атап өтіп, академияға тек білімде ғана емес, сонымен қатар ғылыми, шығармашылық, спорттық мүмкіндіктерді жүзеге асыра алатындығын тілге тиек етті. Мектеп түлектеріне университетке түсу талаптары, білім беру бағдарламаларымен таныстырып, түлектерді қызықтыратын көкейтесті сұрақтарға жауап берді.

Сондай-ақ, оқуға түсу үшін қажетті бейіндік пәндер, қызмет саласы және мамандардың болашақ жұмыс орындары туралы толық мәліметтер ұсынылды.


Кездесу соңында түлектер аталмыш талаптармен толық танысқандығын және алдағы уақытта білімін шыңдау мақсатында дұрыс бағдар таңдайтындығын сөз етті.

Жауапты: Куттыбаева Б.Е

Мөлдіргүл Ерланқызы.



18.19 қараша күні мектепте “Өзін – өзі тәрбиелеу-білім беру сапасын арттыру ісінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырудың бір түрі” тақырыбында әдістемелік отырыс өтті. Алғашқы сөз кезегінде мектеп директоры Г. Шонгалова жалпы Әдістемелік отырыста қаралатын қаралымды атап өтті және ұстаздарды “Өрт қауіпсіздігі” туралы ақпарат берді.



19.Қазақ әдебиетіне елеулі туындылар қалдырған, әмбебап дарын иелері С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің 130 жылдығына арналған “Қазақтың- Үш бәйтерегі” атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылды. Мақсаты: Жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен Алаштың ардақтысы С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақындардың өз заманындағы саяси - қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Көрме барысында

ақындардың кітаптарын оқушыларға оқуға ұсынылды
Кітапханашы Турдимуратова Б.А.



20. “Өнегелі 15 минут” атты 0-11 сыныптардың ата-аналар комитеті төрайымдарының, жоспарға сай директор жанындағы жиналысы өтті.



21. **“Абайлаңыз балалар!”** жедел алдын алу іс-шара аясында “жүргізушілерге хат” акциясында оқушылар автокөлік жүргізушісіне арнап жылдамдық режимін сақтау, жаяу жүргізушілерге жол беру қажеттілігі туралы хат жазды.

Ата аналар балаларға сыртқы киімдеріне жарыққа шағылысатын элементтерді тігіп берді, мұндай элемент көшеде, қаранғы болса, баланы жақсы байқауға мүмкіндік береді, бұл қыс мезгіліне қатысты. Осы мүмкіндікті пайдаланып, өзімізді және балаларымызды осындай қол жетімді қауіпсіздік құралын пайдалануға үйретуіміз керек.



22. 25 қарашадан 10 желтоқсан аралығында “Зорлық-зомбылықсыз 16 күн” акциясы өтеді.